

Бәзілжан
Асылжанұлы

УАҚЫТ
ТЫНЫСЫ



Бәзілжан Асылжанұлы

УАҚЫТ ТЫНЫСЫ

(*Әбу Сәрсенбайұлы шығармашылығы:
поэтика, эволюция, тіл ерекшеліктері*)



Сөздік-Словарь
Алматы
2005

ББК 84 (5 қаз)

А 89

Бұл түүнды Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат жөнне спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша басылып шықты.

Асылжанұлы Б.

А 89 Уақыттынысы. Әбу Сәрсенбайұлы шығармашылығы: поэтика, эволюция, тіл ерекшеліктері. Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2005. — 216 бет.

ISBN 9965-409-89-7

Әдеби эссе қалың көшілікке, әдеби қауымға, студенттерге, аспиранттар мен магистранттарға, жоғары окуорындарында оқытылатын тарих-филология, әлеуметтану мамандықтарына, орта, орта арнаулы мектеп үстаздары мен жоғары мектеп оқытушыларына арналады.

A 4702250201
00(05)-05

ББК 84 (5 қаз)

ISBN 9965-409-89-7

© Асылжанұлы Б., 2005
© “Сөздік-Словарь”, 2005

УАҚЫТ ТЫНЫСЫ

Заманымыздың ұлы суреткерінің бірі — Әбу Сәрсенбайұлы туралы айту — Кенестік дәуірдің өткен жолы, керегар қайшылығы мол әдебиет тарихын жырлау. Осындай бодандық сыры мен қыры 2003 жылы басылым көрген “Тоқсан толғау” атты естелік — эсселерде біршама көкейге қонымды түрде жеткізіліп. Ақын жөнінде тарихшы мен тіл маманы да, әдебиет зерттеушісі де, жұмысшы да, оқытушы мен ғалым да, қысқасы, ғылымның әр саласының мамандары шынайы пікір мен лебіз, өрелі ой білдіреді. Заман, уақыт тынысы ақыл мен ардың үлгісі, жағдай мен мезгілдің шынайы суреткери бола білген Әбу Сәрсенбайұлының қаламгерлік келбетін айнаштай көз алдыңа әкеледі де! Қазақстанның халық жазушысы, қөрнекті ақынға Елбасының құттықтау Хатымен ашылған естелік кітап ғұмыр бойы адалдықты ардақтап өткен азаматтың ажар - келбетін ұзын ақкан Әмудария аясында толғауы Бабағұмырдың болмыс-бітім баянын байыптаиды, оқырманына ой салар өрнекті пікірімен өмірді сүйер қауымды қайта жаңғыртып, қуантып таставады. Өткенді қайталай отырып, қайталау — оку анасы дейтін үғымды қайталауды өмір кредитосы деу дәл осы жерде орынды да болар!

Әбу Сәрсенбайұлы туралы ой толғау ақын жүрегіндей салиқалы кеңдікті, нарадай қуатты күштілікті адамгершілік мұратымен туғып жоғары көтереді, жырғып мадақтайды. Қазіргі өмір талабы мен уақыттыңынан туған нарық заманы әдебиет пен мәдениетте де бар мұраны сактау, үлгі-өрнекті дәріптеу дәстүрін алға қояды. Барымызды қазіргі жас буын, келер үрпактың білгені де жөн. “Өмір жолы — тар соқпақ, бір иген жақ. Иілтіп, екі басын ұстаған хак” демей ме, өлең-сөздің пайғамбары ұлы Абай.

ХХ ғасыр — адамзат тарихына елеулі өзгерістер әкелген ғасыр. “Адамзатқа не керек: сүймек, сезбек, кейімек. Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек”. Өз халқына

адал қызмет етемін деген жаңға бағдарламалық бағыт берген хакім Абай енді бірде: “Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек” (Абай, 1976, 185) – күллі адамзатқа үлкен ой тастайды. Алғашқы шумақ ойы осындай мезгіл жағдайына тап болсаңызға жауап та берсе, өзгеріссіз, дамусыз дүние тұл, заман ырқы сені өзіне бағындыра алады, міне, соған даярсың ба?

Кеңестік дәүірде Абайша ойлап, Абай көрсеткен бағытты ескерменімізді, көркемөнер пәрмені уақытша саясаттың ғана қолдаушысы болғанымызды тәуелсіздікке қол жеткізгенде ғана ұғынғандаймыз. Бұдан көркемөнер қайраткерлері Абайды білмеді десек, қателескен болар едік. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жұсіпбек Аймауытовтардан соң, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин... нелер көркем сөйлей де, жаза да білетін ақыық ұлтжанды азаматтарымыз келмеске кетті, шығармаларын оқуға тыйым салды, кудалауға ұшыратты. Зиялышты, көзі ашық азаматтар пікірі тұншықтырылды. Осы мезгіл сырын Әбу Сәрсенбаевтай азаматтарымыз: “Кешеге дейін өзімізді өзіміз қорлап, біздің өткеніміз болған жоқ, тарихымыз тек қана Кеңес үкіметінен басталады, патша үкіметі Ата-мекенімізді отарлап, бізді құрып кетуден сақтады деп келдік. Қазақ хандарының бәрі жауыз, қанішерлер, қазақ жырауларының бәрі кертартпалар, ал орыс патшаларының бәрі шетінен дана, шетінен халық қамкоршысы деп сандырақтадық. Бізді солай сандырақтатты” (“Фасыр мен фасыр беттессе”, Алматы, 1995, 6-бет). Бұлтартқысыз әділ баға. Мұнан шошуға болмайды. Шошынуымыз – кешегі бодандық синдромы. Бұл жерде уақыт санадан тыс өмір сүретінін ескерген жөн гой дейміз. Тоқсанды ауқымдап ғұмыр кешкен жүрек жыршысы Әбу Сәрсенбайұлы өнердегі пайғамбарымыз хакім Абайдың “Қайрат пен ақыл жол табар, Қашқанға да құғанға... Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға..” (1976, 137) деген салиқалы да сарабдал пікірінен өзіне ғұмырлық ой түйгені және оны ұзақ ғұмырында жағдай мен мезгіл талабына орай там-тұмдап жеткізіп отырганы оқырманың иландырып келеді. Соңдықтан да соңғы жинағының бір белімі “Алданған үрпақ азабы” жиырмасыншы фасыр перзенттінің жан дауысымен беріледі, соңшама қыруар және жан-жакты болып халқына сіңіп кету деген осы (акын С. Оспанов, 1995) болар. Ақыл мен ардың жемісі дегеніміз де, сірә, нақ осының дәл өзі той!

Қазақстанның халық жазушысы, тәуелсіз мемлекетіміздің жоғары ордені “Парасаттың” иегері, “Алыптар тобының белді ізбасары, ақын, көрнекті қalamгер (Н.Ә. Назарбаев) “Құрметті Әбеке! Сіздің қаламыңыздан туған сүбелі туындылар қалың қырымандарыңыздың игілігіне айналып, халқы-мыздың рухани қазынасын байытып келеді. Үлкен-кішімізге, кәрі-жасымызға түгел аяулы “Ақша бұлтыңыз” қазақ лирикасы алтын қорының төрінен орын алды” (Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың *Күттіктау хаты, Тоқсан толғай, 1995*).

Елбасының Әбу Сәрсенбайұлының тоқсан жасқа толуына арналған мерейтойына жазған Хаты өнер адамына шынайы баға берумен өсерлі де құнды, әрі шынайылық сезімін үзлатады. Кез келген азамат көкірек-көзі ояу болса, өткеніне үңде қарап, үрпақ тағдырына көз жүгіртеді, келешегіне барлай қарайды. Қөркем сөз шеберінің “Ғасыр мен ғасыр беттессе” (Алматы, 1995) атты жыр жинағы Қазақстанның халық жазушысы, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Қабдолов сөзімен айтқанда “Өзінің ғасырға жуық өмір жолына “жаңаша ойлау” түрғысынан терен толғана қарап, шығармашылық есеп береді. Соңда оның өнерге көшкен ұзак өмір жолы өзі ғұмыр кешкен дәуірдің айнасына айналады. Әбу шығармашылығының таным тарапындағы мәні мен мазмұны осы арада жатыр”— деп пәлсағалық ой түйеді. Бұдан әрі академик З. Қабдолов қызыл империя тұсында партияны, Сталинді жеріне жеткізе марапаттамаған өнер адамы болған емес. Міне, Әбуғали (Әбу) Сәрсенбаев та сол бағытта болмады деу артық болар. Соңдықтан оның поэзиясы мен прозасының танымдық мәні болғанымен, қазіргі жаңа заманға лайық тәрбие саласындағы маңызы осал деп, оны қираган қызыл империяның күліне көміп тастауға бола ма?— деп, академик З. Қабдолов проблемалық саяул қоюы да тегін емес.

Жетпіс жылдан астам (бір ғасырға жуық) Кеңес үкіметі орнатқан билік қаншама көркемөнер шеберлері аяғына тұсау, қолына бұғау салып құн кеңіті. Иштен тынған күрсініс лапылдан жанып, айтылар ой тар қапаста тұншықты, жанған от өз ошағында сөндірілді. Міне, осында “тар жол, тайғақ кешу заманы” қаншама аяулы азаматтарды адастыруды да... Солардың ортасында өз үніне өзі тұншықпай, тұншықса да “өз дәуірінің айнасы” бола білген замана жыршысы Әбуғали (Әбу) Сәрсенбайұлы еді. “Бұл айнаның бетінде Әбу дәуірінің күнгейі мен көленкесі, дұрыстығы мен кемістігі қатар көрініс

тапқан. Көркемдік жағына келгенде, керегар қайшылықтар, идеялық жағынан алғанда, аласапыран адасулар... бәрі-бәрі осы айнаға шұбыртқан сөулесін де, мұнартқан көлеңкесін де тұтас түсірген". Десе дегендей, академик ағамызы З. Қабдолловпен келіспеу еш мүмкін емес. Және де академик З. Қабдоллов "Фасыр мен фасыр беттессе" (1995) жинағының мініне де әділ бағасын береді. "Шынында да Әбу Сәрсенбаевтың аса көрнекті ақындығы орасан биік азаматтығында жатыр" — деп, салиқалы тұжырым жасайды. Бұл оның көзі тірісінде жарық қөрген бес томдық таңдамалы шығармалары мен жоғарыда аталған жыр жинағын азаматтық ақындығымен астастырады да. Осы орайда

Ескерткіш орнattым мен қолдан келмес,
Ел ізі оған салған суый білмес" —

деген аталы сөзі алдыңыздан шығады. Сүйген жарға, еліне, ер-азаматына арналған "ел меншігіне көшірген" Әбу аға "бастанқы болмысында баршаға баладан бетер иланбақ үшін жаратылғандай" (Халық жазушысы Хамит Ерғалиев) десе, Д. Әбілев "Намыс ұлы", "Ұлым туралы ой" поэмалары сәтті дүниелері дей келе, "Ақша бұлт" — Отан соғысы тақырыбына жазылған жырлардың әк періштесі ғой!" деп бағалағаны қандай үтқыр, әдемі айтылған дерсің!

"Тоқсан толғай" атты естелік-эссе, бүгінгі күн талабына жауап бере алатын Әбу шығармаларының қадау-қадау үлгілерін қазіргі ұрпақ үшін ортаға салады, сондықтан да оның туындыларына берілген баға алдағы айтар сөзіміздің де өзегі болмақ деп. ерекше мән береміз. "Өмірде біреуді ренжітпеген, нашарларға қолын созған, еңбеккор бір таза жанды адам еді" (Ғ. Ахмедов). "Ақша бұлттай ақпейіл. Не жазса да табиғатынан лирик, мейлінше лирик ақын" (Ә. Нұрпейісов). Әбу ағамыздың осы бір кішіпейіл, сыпайы мінезі оның қаламынан туған шығармаларына тән екендігіне назар аударады жазушы ағамызы. Әбу туралы айту — қазыналы қарттың байлығына тәнті етеді, мұны генерал-майор Жақия Серғазиев ақын поэзиясындағы ұлылық пен көрегендіктің сырын "Қош боп түр, жарым", "Аңсап келем алыстан" өлеңдерінен тапқандай болады. Әбекен кім еді? Ол — жікшілдікке жаны қас, тоғышарларға қырғидай тиетін, міне, Ж. Серғазиев естелігі соның айғағы. Әбу шығармаларына зиялды қауым, оқыған білікті ғалым, академик С. Кирабаев "Өмірдің өзіндей

қарапайым” атты эссеңінде ұтымды талдау жасап, “Ант”, “Тарту”, “Ақмаралдың жүргегі”, “Ақша бұлт” туындыларына айрықша назар аударып, кезінде жылы-жылы лебіздерін білдіріп отырған: “Бұл ақын шығармашылығына менің ықыласынан ғана туған ойлар емес, жалпы Әбу еңбектерінің қазақ әдебиетінің даму кезендерімен біте қайнасып жатқанын, әдеби қозғалысқа оның белсенді қатысып, оған елеулі үлес қосқанынан деп білген орынды”, — десе, енді бірде “Атыраудың ақиығы” метафорасын дәл тауып, келелі ой түйеді жазушы Көмен Оразалин. Естелік айтушылар ақын шығармашылығының ерекшеліктері мен оның әдебиет тарихынан алатын орнына да пікірлерін білдіреді, ал мұның өзі ақын туралы айтар ойымызға демеу, дәлел ретінде жүгімізді де женілдете түсіп отыр. Мұның өзі Ә. Сәрсенбаевтың шығармашылығын жете тану үшін де зор қолғабыс. “Қайырымды аға, қарымды қаламгер” бағасына лайық” дейді мемлекеттік сыйлық лауреаты, майталман майдангер ақын Мұзафар Әлімбаев сынды көркем сөз шебері. Қазақ жақсының жақсылығын айт көңілі тасысын деген емес пе, айтушылардың көпшілігі Ә. Сәрсенбаевтың әдеби құбылыс пен жас буын өкілдеріне әкелік қамқорлығын тебірене жырлайды, “ХХ ғасырдың қазақ әдебиеті алтын дінгектерінің бірі еді” — дейді де ұстаздық еткен енбегін классик жазушы Сайын Мұратбеков, “ұзақ өмірінде Әбекен жастарға қамқорлық жасауынан бір сәт айныған емес” — деп, әз ағаның Жұмекен Нәжімедінов пен Қанипа Бұғыбаеваға, өзіне жасаған қамқорлығына ризалық сезімін, әкелік қамкор демеуін емірене еске алады, сүйсіне үлгі тұтады.

Сондай-ақ “еркек пен еркек болып өзара сүйісу салтын (Әбекенің адам сүйгіштігінен үйренген біздер (З. Қабдолов пен Нұршайықов) екеуіміз және Әбекеннен үлгі алған біраз адамдар ғана сақтап қалған сияқтымыз” (Ә. Нұршайықов). Иә, сүйісу, сүйісе білу де өнер. Шығыс халықтарының аман-дасу салтында бар өнеге бұл! Кішіпейілділік пен қарапайымдылық үлгісі бола білген жаңының осы қасиетін, қазіргі жастарға үлгі ретінде белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев өз естелігінде атап, былай дейді: “Фажайып бір жаразстықтан жаратылған сирек жан еді. Не үлкенге, не кішіге қабағын түймей, тілін тигізбей, өмірден обал мен сауаптың ала жібін аттамай, адал өтуге тек сол кісінің ғана дәті шыдаған шығар. Прозасынан да, поэзиясынан да, мінезі мен жүріс-тұрысынан

да биік адамгершіліктің, аbzалдық пен пәктіктің лебі есіп тұратын” (Тоқсан толғау, 108—109-беттерде).

Әбу шығармашылығын жете тануда профессор Хасен Әдібаевтың “Жақсыда жаттық жоқ” деп, “Әбу Сәрсенбаев менің жас санамда ақ тілекten жаралған ақ көйлеқ, ақ ниетті — тұла бойы тұнып тұрган Адалдықтың ақ бейнесі болып қалды”— биік парасаттылық пен адамгершіліктің айқын үлгісі. Бірде “Ақ жібектей Әбекең-ай” деуі арқылы Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, F. Mұсірепов, F. Мұстафин, Ж. Сыздықов, Ә. Тәжібаев, М. Хакімжанова, К. Аманжолов, Т. Ахтанов, С. Мәуленов, К. Мұқаметжановтармен бірге қазақ әдебиетінің ең ауыр жүгін көтерісті, әдебиетке төнген қауіп-қатер кездерінде де осы топтың ішінде болды”, — деп түйеді жазушы Есенжол Домбаев. Тіпті Дулат Исабеков үшін “Әулие ақсақал” бол, “Дарқан дарын” (Қ. Юсупов), “Поэзия ардагері” (Қ. Бекхожин) екендігіне еріксіз бас игендей болады. Шынында да, қазақ әдебиетіне маринист жазушы ретінде танымал, әрі теңіз жырын да поэзиямызға алғаш әкелушілердің бірі, теңіз — ақын жырының темірқазығы. Ақын Сырбай Мәуленов осылай ой түйсе, ақын, әрі сыншы-ғалым, әдебиет зерттеушісі Сағынғали Сейітов “Әбекеңнің кісілігін, кішіпейілділігін, адамға деген мейірбандығын айрықша атап өткен жөн”, — деп, Әбудің лириктігіне, жүрек жыршысы екендігіне нақты деректер, уытты да шымыр ойларын ұсынады, сондай-ақ осы еңбек авторының зерттеуі жеке кітап бол басылым көруіне және еңбектің соған татитының айттып пікір де білдірген-ди. Санамызға бағынбайтын уақыт зымырап өтіп жатыр, ақын еңбектеріне деген пікір де жыл санап ілгері басып, өркендей өсіп, жаңа ойлар, соны пікірлері мен толыға тұсуде. Бұған дәлел —“Тоқсан толғаудың” жүртшылық қолына тиуі де ойымызға ой қосып, туғанына жүз жыл толған әз Аға тұлғасының келбеттегене толысуына әкелип отыр. Естелік-әссеге будан көп жыл бүрынғы пікір білдірушілер еңбектерін де пайдаланған. Бұл — Әбу Сәрсенбаевка берілген бағаның объективті, әрі әділ екендігін де білдіреді.

Қыскасы, уақыт тынысы ілгері басқан сайын өнер адамының халқына сінірген еңбегіне деген әділдік пен адалдық шынайылықка бой ұратыны белгілі. Міне, осындай шынайылық жазушы Хамза Есенжановтың ақынның “Ақша бүлттарына” білдірген пікірінен айқын көрінеді: “Әбудің лириктігі эпикалық түрдегі тәжірибесінен әлдеқайда басым жатыр. Нағыз шеберлік тандаулы салада ғана айқын көрінеді.

Әбу — ескен әдебиетімізге тиімді үлес қосып келе жатқан құрделі еңбектер иесі. Оның көркем шығармаларына шолу жасау әдебиетіміздің өсу жолын тағы да көз алдыңа келтіріп өту есебінде екені анық” — деген, келелі пікірімен Әбу Сәрсенбаевтың әдебиетімізге қосқан үлесін ерекше ескергендік деген жөн. Әбу — қажырлы қалам иесі. Бұған біздің зәредей еш күмәніміз жоқ. Әбу Сәрсенбаевтың туғанына жұз жыл толу мерейтойы қарсаңында “Раритет” баспасынан 2003 жылы ақынның қызы Сәрсенбаева Райхан Әбуқызының құрастыруымен басылым көрген “Тоқсан толғай” атты естелік-эссе мазмұны “Ақыл мен ардың құйындысы”, “Өмір жолы — өнер жолы” белімдерінен құралып, әдебиетіміз берініміздің белгілі-белгілі ақын-жазушылары мен оқырмандары өз ойларын ақын жөнінде ортаға салады, нәзік сырға толы ақынның биіктірден алған өрі, жырдай жылы мінезі, ақыл мен арға толы өнері, кішігейіл де қарапайым өмірі де, еңбектегі ақылгөй тәлімгерлігі де жастар қамкоршысының ірі Тұлғасы оқырмандарын баурап алады. “Тоқсан толғай” атты еңбек ұзын аққан Әбудария айдынына бастап, ақын еңбегінің өміршендігі мен шығармашылық құдіреттің бар шынын ақтарған, әрі Әбу Сәрсенбаев еңбектері имандылық құлыққа тәрбиелеу, ғибрат алуға шақырады. Риясыз еңбек иесінің дүниелері рухани асыл қазына, әрі халықтық мән мен сипатқа ие. Осы тұрғыда белгілі ақын Темірхан Медетбеков ақын рухы алдында бас иеді де: “Асылы, ақынның ақындығы көрүндегі емес, көрсетуінде ғой. Сондаған творчество баянды болмак. Сондаған ол халықтың рухани қажеттілігін өтемек” (261).

Айтылмыш еңбектің құндылығы — оқырмандарын Әбу Сәрсенбаев туындыларын іздең жүріп, қолға алуына жол салып тұрған дүние, әрі оның шығармашылығы бойынша іргелі зерттеуге шақырып тұр. Естеліктегі “Біздің сүйікті жазушымыз” (Тұманбай Молдағалиев) былай толғайды: “Әбу Сәрсенбаев — әр қырлы жазушы. Оның творчествоосы — үлкен монографията тақырып бола алатындей творчество”. Иә, мұндан пікірді Әбу Сәрсенбаев шығармашылығы хақында кандидаттық диссертация қорғаган кезімізде де ғалым-зерттеуші, танымал ақын Сағынғали Сейітов ағамыз да айтқан болатын. Міне, содан бері Ә. Сәрсенбаев жөнінде үзбей зерттеу жүргізіп келеміз, дегенмен, оның туғанына жұз жыл толу мерейтойы қарсаңында ақынның шығармашылығы хақында арнайы зерттеудің де қажеттілігіне күн санап зәрулік те өсіп келеді.

“Жас алаш” газетінде белгілі ақын Қадыр Мырза Әлидің “Иірім” атты ессеци дүние ретінде басылым көріп, қазіргі қазақ әдебиеті мен өнердің кейбір қайраткерлері ғұмырынан өзі қуә болған жәйттерді көпшілікке ұсынады. Естелігі кітап болып шықты да! Нарық заманында кешегі Одақтық кездегі ақын-жазушы, өнер адамдары хақында айту қызықты, әрі жауапты да! Мұнда жеке бастың мәселесі емес, қайта керісінше әдебиет пен мәдени дамуымыздың ірімдерін өзіндік ой-пікірінен еткізіп беруі — қазіргі әдеби процестің ілгері басуына да пайдасы бар елеулі құбылыс. Қадыр Мырза Әлидің осы газеттің 15 қантар 2004 жылғы алтыншы санындағы “Құдайдай адам керек қой, құдайсыз мына заманда” атты шығармасында Бауыржан Момышұлы, Нәсіреддин Серәлиев, Әбу Сәрсенбаев туралы жылы-жылы лебіз білдіреді. Әсіресе Әбу Сәрсенбаевтың Зейнолла Шукіров, Жұмекен Нәжімедінов, Қанипа Бұғыбаева, Сайын Мұратбековтерге жасаған ұстаздық еңбектерін айта отырып, олардың шығармаларының жарық көруіне шынайы қамқорлығына ақындық ілтипатпен жүрекжарды сөздерін айтады. Әбу ағамыздың алпыс жылдық мерейтойына жазған өлеңін келтіреді:

Ақынға біздер күлдік пе,
Актарып салса ақ-шынын.
Өмірде сені білдік те,
Не екенін білдік жақсының.
Жыр үшін емес бұл тіпте,
Жүректер, Әбе мекенін.
Оленде сені білдік те,
Не екенін білдік әкенін.
Әдемі шақта, гүл шақта,
Келеміз біз тек оналмай.
Өзіндей ақын болсақ та,
Өзіндей адам бола алмай.

Әбеке, орның бөлек қой, Бөлек қой орның әманда, Құдайдай адам керек қой, Құдайсыз мына заманда! Бұл өлең сол салтанатта оқылып, сол кездің өзінде жүртіштың тарарапынан қолдау тауып, нысанана дөп тиіп жатқан-тұғын. Оған көпшіліктің ұзақ қол соғып тұрып алуы дәлел болар еді. 1967 жылы осы өлеңді Фариза Онғарсынова “Қазақстан пионери” газетінде жариялад, тек соңғы шумағын алып тастауы байқалған-ды. Ал ақын Қадыр Мырза Әли сол жылғы “Бұлбұл бағында” жинағында өлеңді өзгертпей толық жариялаған еді. Міне,

Әбу Сәрсенбаев жөнінде айту Одак кезінде де осылайша тамтұмдап болса да, батыл айтуға бет бұра бастаған-ды. Мұндай мысалды қөтеп келтіруге де болады.

Қай ақын, қай жазушы болмасын өз заманының азamatы ретінде халық бостандығын ойламай тұра алмайды, қоғамдағы өзгеріс жаңалықтарынан да бойын аулак сала алмайды. “Он жасымда теңізге шыққан адаммын. Төңкеріс бастапкы кезде бакыт әкелді делінді... О, беймаза ғасырым! Біздің ғасырымыз ете қатыгез ғасыр! Төңкеріске зиялды ағаларымыз сенди. (Иә, сенбей шетелге кетіп қалғандар да болды ғой, мысалы, Мұстафа Шоқай). Төңкерістен не үттық? Ештеңе бермеді десек, күнө болар! Бөрі баянды болмады. Жалпы біздің ғасырымыз үрейдің жылдары болды. Отзызыншы жылдар біздің үш миллионнан астам халқымызды қырды. Қазақ қазакты билей алған жок. Үрейдің көкесі отыз жетінші жылы келді, бұл сүмдүк еді, сүмдүк болды ғой”— дейді ақын, әрі жазушы Әбуғали Сәрсенбаев көгілдір экранда сөйлеген сезінде (1993 жылы, 16 қантарда). Сол бір зұлмат заман отында еңбек ете жүріп, елім десе етегі жасқа толатын Әбуғали мұрасы — бүтінгі үрпактың мәдени шежіресі іспеттес. Әдебиет пен мәдениетте балықшылар өмірі мен теңізшілер болмысының келбетін сомдап, казак әдебиетіндегі тұнғыш маринист жазушы ретінде әдебиет тарихына өзіндік үлес қосқан сез шебері. Аға үрпактан қажырлылықпен өткен шындық болмысын бүркемелемей айтуды талап ету — сол бір дәрменсіздікке берілер жауап та болмақ. Бұл — бір. Екіншіден, көркемсөз айдынында Әбуғали Сәрсенбаевтай ақын-жазушылар сол бір қатыгез заман бейнесін жасағаны ақиқат және олардың ұнамды, ұнамсыз кейіпкер деп айдар тағып, бар болмысты бүрмалап көрсетуге мәжбүр болуы — тарихи шындық.

АҚЫН және ӨМІР

Әбуғали Сәрсенбайұлы ғұмыр бойы өмірді зерттеуі арқылы ондағы адамдар психологиясын білуге үмтүлған және осы жолда үзбей ізденумен, үренумен болып, көркемөнер саласындағы бар жаңалықтарға сергектікпен қарайтын болған. Атыраудан Алматыға келгеннен кейін (және бұған дейін 1937 жылы “Еділ толқыны” поэмасынан бастап-ак,, ол оқырмандар назарына іліккен) қазактың мемлекеттік әдебиет баспасында өнімді еңбек еткендігі қалың қөпшілікке жақсы таныс-тұғын.

Ақын ретінде баспада істей жүріп, жас қаламгерлерді қатарға тартып, ағалық ақыл-кенес беруден қол ұзбекен, жалықпаған. Тіпті майдан төрінде жүріп те елінен хабар алып, белгілі жазушы, академик Сәбит Мұқановпен хат арқылы хабарласып тұрган.

Республикалық Орталық мұрағаттағы Сәбит Мұқановтың жеке қорынан табылған (1634 қор, бірінші жазба, 202-іс) үшінші томы “Хаттар, жеделхаттар, құттықтаулар. Қазақстан жазушыларының хаттары” атты құжаттарда Әбуғали Сәрсенбаевтың 1943 жылы 7 тамызда Сәбит Мұқановқа жазған хатын оқимыз:

“Күрметті Сәке! Сау-саламат шығарсыз. Қабарыңызды алыстан естіл жасатырмыз. Мәкенінің, балалардың деңдері сау ма? Нендей жаңалықтарыңыз бар? Жазушылар маңында нендей өзгерістер, нендей табыстар, кімдер не жазды? Театр, киноларда қандай жаңа нәрселер енгізілді, баспаның құйі қандай, көркем әдебиеттен жаңа ешнәрсе шығарды ма, Ақан ба баяғы, әлде ме, жақында Дихан болыпты, немен барды, не жазыпты?

Хатым кіл сұрақ болын кетті, кешіріңіз. Біз де аманбыз. Газетіміз шығып жасатыр. Газетшінің бәрі бір ғой, ондағылар кім неше төл өсірді, неше тонна көмір берді десе, біз қай жауынгер қанша неміс өлтірді деп жүгіріп жүргеніміз. Майданына үйреніп алдық. Жақында сегіз күн үрystа болып қайттым. Материал көп, сіздің “Кохозды ауылдағы...” қарбыз басымыз үрис эпизодтарының “антологиясы” болып кетті. Бірақ жазып үлгірмей жасатыр. Біріншіден, уақыт жосқата, екіншіден, көшіп-қонып жүргенде тасып жүре алмайсың. Сондықтан өзірге басқа сактап қана журміз. Исқақ аман. Ол Ильсов Сабыр екеуі ешқайда шыға қоймайды. Мен көбіне түзде болам. Біздің жаққа да кісі жібермейсіз бе?

Кош. Майдандық сөлеммен қолыңызды қысып, хат күтем.

Әбу. 7.08.1943 жыл.

Республикалық Орталық мұрағаттан іздестіріп, жазып алған — филология ғылымдарының кандидаты, доцент Асылжанұлы Бәзілжан бұл хатты түңғыш рет көшпілікке үсынып отыр.

Майдан төрінде жүріп, өз еліндегі жаңалықтарға зер салу, назар аударуға үмтүлуги — атақты да, ардақты да азаматың азаматтығы, халқын сүйген жанның сергектігі бар осы хатта.

“Тоқсан толғау” атты естелік-эссе де, Әбуғали Сәрсенбайұлының жана шырлығы мен ардай таза адалдығын жинақтағы “Әбекенің соңғы хаттары” да дәлелдей түскендей. Қоғам қайраткері Нұғман Манаевтың Салахиден Сарталиев жөнінде іздестіріп, соған жоқтаушы болуының өзі де неге тұрады! Әдебиет әлеміндегі жаңалықтарды соғыс кезінде де Сәбит Мұқановқа хат жазып білгісі келетін елгезектігі де соғыстан кейін толастамай, ел ішіндегі халқына еңбегі сіңген жандар хақында сергектігін танытады. Жасының тоқсанға келуіне қарамастан, Алматыда қандай жаңалықтар бар екенін Берік Қорқытовпен үзбей хат жазысып біліп тұрган. Қасындағылардың қамын жеп, мамандығы бойынша еңбектенуіне үнемі ағалық ақ қөнілімен бар сырын ағыл-тегіл ортаға салатын еді дейді Берік: “Әбекен хатқа да өте үқыпты адам. Кімнен қандай хат алса да, “жас келді, көздің көруі кеміді”, — деп жаба салмайды не кейінге қалдырымайды, сол бойда жауап қайтарады. Хаттары көлемді болады, сол сәтте ойында не барын, қандай күйде болғанын Алматыда, әдебиет әлемінде нендей жаңалықтар болып жатқанын баяндап жазады”, — дейді. Мұнданай хаттардың көптеп Б. Қорқытов қолында жинақталуы, оның қажеттілерін ғана естелік кітапқа енгізуі өте орынды болған деуіміз жөн.

Әдебиеттің эпистолярлық түрі айтар ойды дұрыс жеткізуіндегі үлгісі ретінде де ақынның бар болмысын тани түсуге шақырады. Осы тұрғыда “Тоқсан толғаудағы” белгілі ақын Мұзатфар Әлімбаевтың “Қайырымды аға, қарымды қаламгер” естелігінен үзінді келтірсек:

“Баспасөз беттерінде елеулі дерлік есті сөзің төбе көрсетсе, үлкен басымен Әбекенің өзі телефон шалатын, куана құттықтайтын, ұнатқан детальдарды, ұтымды сөз байладарын байыппен тізіп, талдайтын. Менің өнериет (творчество) жсолымды да, өмірбаян желелісін де үлкендер ішінен жіті білетіндердің бірі осы Әбу аға еді. Соны дәлелдейтін, маған жазған бір хатын келтіреін: “Мұзатфаржсан! Есен-саусың ба?

Қасым ағаң айтқандай, “қанды қасап” майданға мектеп табалдырығынан аттанып, жалынды өлең дәптерлерімен оралғандар ішінде сені өзгеше тұтар едім.

Сен ақындығыңмен де, азаматтығыңмен де халық махабатына болендей. Сен Естайл ақынды қайта тірілтітің. Сен қазақ солдатын Рейхстаг күмбезіне котеріп, Жеңіс туын тіктірдің. Сен қазақ Корчагинің халқыңа танытып, тонышысы

тапмас қанат бітірдің. Бұл дастаның мүгедек жанға дәрігерлердің даруынан да күшті рухани қуат берді. Ол заңғар біккес самғады.

Бір кезде Емельян Ярославский: “Егер Некрасов “Темір жолдан” өзге еш нәрсе жазбаса да, орыс пролетариаты оған ескерткіш орнатуға борыштар болар еді”, — деген екен.

Мәшиүр тарихшының осы сөзін дәл мынау салтанат түсінда саған да айтуды орынды санаймын. Сені жоғарыда атапған уш дастаның ушин де аялауға борышты болар едік. Жә, өзгелері ше? Балдырганды баулудағы ширек ғасырлық мазасыз ізденіс еңбегін ше?

Айналайын Мұзафар! Мен қазақтың бір ақсақал шалы, батығөй атасы болып сені құшағыма қасырып, халқымыздың алғысына бөлеймін. Жолыңа нұр жауғай! Кекселенген түсін үзіл. Биікке самға!

Ақ тілеумен Әбу аған (Сәрсенбаев). Желтоқсан айы, 1983 жыл.”

Ақын, әрі жазушы ретінде Әбуғали ағамыз өз заман-дастарына, оның жетістігі мен ізденістеріне үнемі жана-шырлықпен қол үшін беруге өрқашан даяр-тұғын. Шығар-машылық еңбегі арқылы рухани қолғабыс тигізіп жатса, өзі танитын, тіпті танымайтын да азаматтардың ыстығына қүйіп, сүйғына бірге тоңатын да ерекшелігі кімді болса да таң қалдырмай қоймайтын еді. Естелік кітапта профессор Қадыр Юсупов былай дейді: “Бір күні почта арқылы пакет келді. Кітап сияқты. Ашып қарасам, Жұмекенің жинағы — “Менің топырағым” атты өлеңдері екен, кітаптың бірінші бетінде мынандай жазу бар:

“Қадірлі ұлым! Фылыми ізденістеріңе сәттілік тілеймін! Жұмекен ағаңың аруағы (был жерде белгілі ақын Жұмекен Нәжімедінов туралы), рухы қолдағай! Бүгін оның мәңгілік омір сапарына аттанғанына сегіз жүз сексен тәулік! Ағаңды үятқа қалдырмай, алғашқы Фылыми белестен сүрінбей өт те, кезекті шыңға дайындал!”

Аталақ мейіріммен Әбу Сәрсенбаев. 1.05.1986 жыл.”

Естелік-эссе ақын Әбуғали Сәрсенбаевтың бар болмысын жан-жақты жете тануға еріксіз оқырманын жетелей түседі де, өнер адамының ішкі жан дүниесі сырларымен қызықтырады, жебелей түседі.

Өмір шындығын жас кезінен-ақ сергек сезімталдықпен тануға оның бақыламгаз жүрдек көнілі және бұл оның шығармашылық ерекшеліктерінің бірі болып, ақындық ғұмырының ұзақ жолында басты орын алады. Поэзия не проза саласында болсын әрқашан оны ар мен намысқа бастап отырған.

Одақ кезіндегі жалған тәуелсіздік казақ елі, оның өнер қайраткерлері үшін қыын заманың бірі болды. Сөз бостандығы, азаматтық құқық тәртібі өрескел бүрмаланған, аяқта тапталған геноцид болмысын бастан кешіп, оған өзіндік ой-пікірмен көрінген, тұлғаланған азаматтарымыз қаншама! “Қарт ақын, жас прозаик” Әбуғали Сәрсенбаев қудалау, құғын-сүргін көрген арыстарымыздың өкшесін басып, халқына адал қызмет етуге ұмтылды. Арыстардың мандаійна тиіп, табанына кірген шоғайна тікен — олар көрген корлық, зұлмат тіршілігі әдебиетке келген жас талапкерлердің қадамына тұсау салып, талантының жарқырап көрінуіне кедергі-тосқауыл да болды. Әбуғали басқалардай атой салып қарсылық туын көтермесе де, өз шығармаларымен жойылуға бет алған халқының иығындағы ауыр жүгін көтерісуге кіріседі.

Шындықтың да шындығы, бостандықтың да бостандығы бар-ау, шамасы! Шынайы бостандық болған жерде оның халқы да мәдениеттіліктің озық үлгілерін бойына сіңіруі ауадай қажет. Міне, осы тұста көркемөнердің аса мәнді де әсерлі саласы — көркем әдебиеттің тақырып, поэтикалық жағынан да біршама байытуға елеулі үлес қосқан ақын-жазушы Әбу (бұдан былай осылай атай береміз) Сәрсенбаевтың бай мұрасын типологиялық жолмен талдау жасауға ұмтылып, ағалар мұрасының пәрмені ауыр қыншылықты қалай кете-ріскенін тануға мүмкіншілік туады, тануымызды жалғастыра түсеміз. Ақын мұрасы — жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінен бастап, тоқсаныншы жылдарға дейінгі аралықтағы ұзақ шиырлы жолдың өмір шындығы, шындық баспалдақтары. Әбу әдебиетке келген шақта геноцидтің мемлекет көлемінде жүзеге асырылып жатқан кезі, әлем халықтары мұндай мемлекеттен теріс айнала бастаған-ды. Осында жағдайда жасынан халық сөзінің құдіреті мен күшін жасынан жете таныған, халық жырына сусынын қандырған Әбу алғашқы қадамын өлең жазудан бастап, оны Биагаң — Бейімбет Майлин оқыған, ақынға сәт сапар да тілеген.

Көркем мәтін — мәдениетті танудың бірден-бір таптырмайтын шынайы жолы. Мәдениеттілік ең әуелі ақынның

әр өлеңіндегі сойлеу мәнерінен көрініп, ілгері басқан сайын өзіндік ой толғамдарымен өрби береді. Олай болса, окушының жеке адам ретінде қалыптасуына бүгінгі таңда Әбу шығармалары бастауыш мектептен бастап, он бірінші сыныпқа дейін, орта арнаулы мектептер, лицей, колледж, гимназия бағдарламаларында да, жоғары оку орындарының тіл-әдебиет факультеттерінің әдебиет тарихы курстарында оқытылуы да — сол бір ақын туындыларының сапалы мінезге толы екендігі ізденімпаз оқырман қажеттілігін өтеу болып табылады.

Отызыншы жылдар әдебиетіміздегі орта буын өкілдері, әдебиет пен мәдениет, өнер майталмандары мен ақсақалдары — Дихан, Әбу, Қасым, Қалижан, Жұмағали, Мариям Хакімжанова, Қапан болсын — бұлардың бәрі қазактың өлең өнерін әрқайсысы өзінше шеберлігімен жетілдірген ақындар (М. Қаратаев). Кеңес дәүірінде көркемөнер дамуы қазак жерінде де болды. Ал онда әлем көркемөнеріндегі дәстүр жалғастығы неге ескерілмеді? Мұндай сұрак-сауалдар қоюға өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдар аяғында — төуелсіздікті жарияланға дейін мүмкіндіктер шамалы еді, оған тағы да өз зиялыштарымыз бара алмады, бірлі-жарымды арыға барғысы келгендеге әңгіртаяқ ойнату кәдуілгі ертегідей жүйелі түрде жүзеге асырылатын-ды. Үміт болған өркениетке жүрексінушілік пен жатыппатарлық, керенаулық, бақталастық сойқандары өзімізді өзіміз орға жығуымызға итермелеп жатты, мұның өзі өркөкіректі экспансия адамдарына жарасып-ақ тұратын. Осылай заманда өнерге келген жастарды тұқыртып алу да, қорқытып еңбектету де түк емес-ті. Сонда да болса, өнерге келген азаматтар қайткенде халқыма адал қызмет етемін деген ойда болды. Әбу Сәрсенбаев та өзінің дүниеге келген туындыларымен бірге есейіп, бірге есіп отырды. Шынында да, Әбекенің Әбудариясы хақында айту — дәстүр мен жаңашылдық сипатында оның өсу эволюциясы, ондағы көркем поэтика өресімен, жеке адамға табыну зардаптары, ақындық, азаматтық парасаттылығы зерттеуіміздің негізгі темірқазығы. Көркем әдебиет халық өмірінің жанды айнасы болса, жоғарыда аталған ақын-жазушылардың шығармашылық өнерін әдеби процестің бүгінгі таңдағы жеткен жетістігімен қат-қабат карастыру, ондағы өркениет өрнектерімен күресу түрлерін қазіргі өсken интеллектуальдық биiktікten сарапқа салу, дамудың жалпы эволюциясы біrlігінде анализден синтезге көшу жолымен

нақты пайымдаулар жасаймыз, олардың дамуына ортақ күбылыстардың сырына қанықтырады, типологиялық жүйеде ой-түйінін анықтауға ұмтыламыз. Көпшілік жағдайда, бұл зерттеуімізде үшінші буын өкілдерінің жазу зердесіндегі тақырып ортақтығы, идеялық мұраттылықтың өзі де социалистік реализмге бағынып жататын-ды. Міне, солардың ішінде Әбу Сәрсенбаев шығармашылығы да бой көрсетеді. Типтік нысана оның бағыт-бағдарына сай жеке адамды дәріптеу, шығарма кейіпкерін жағымды, жағымсыз деп айдар тағып атойлад жаттық. Бұдан Әбу Сәрсенбаев та шет қала алмады. Алайда оның поэзия, проза, драма саласындағы еңбектері, шынында да, өз үні, өз бояуы, сыры мен қыры бар дүниелер. Ақынның өркениетке ұмтылу баспалдақтарының мәдени дамуы мен жетілуі — оның ізденуін жете тану жолымен де белгілі болғаны абзal. Сондай-ақ шығармашылық өнерге баға бергенде, бүгінгі күн биігінен қараумен талдаудың типологиялық үлгісін де ескеруге тиіспіз. Біз осы оймызды көпшілік жағдайда Әбу Сәрсенбаев шығармашылығына талдау жасау жолымен жүзеге асырып, шынайы шындық сырын ашуға ұмтылыс жасаймыз.

Отызыншы жылдар Одақ көлемінде “социализм” өз дегенін істеп, халықты қырып-жою саясаты сталинизм нәтижесінде ғүлденіп тұрған жағдайда прогресші адамзат халықаралық фашизмді женуге күрес жүргізіп жатқан кез еді. Өркениет тағылымы үкімет басына келген фашистердің оресінің тар екендігіне бастап, олармен жалпы күрес өлемдік сипат алған-ды. Одақта фашизмге қарсы күрес, өсіреле кырқыншы жылдары өрши түсті. Әбу — әдебиет майданына келгенде осындай жағдай бар еді. Өршіген фашизмді женуге деген пафос — азаматтық адамгершілік мұраттың қарсы қояды. Ал сол адамзатқа ғұмырлық жәйт — бүгін де халқымызға ауадай қажет әрі пайдалы. Мұның өзі бүгін де қаншама нарық қысымының жағдайында өмір сүрсек те, баршамызға қажеттіліктердің бірі. Әдебиеті жоқ, мәдениеті жоқ елдің келешегі де жоқ. Біз, қазақстандықтар, құдайға шүкір, халықаралық жағдайда басқалармен терезесі тен, қатар тұра алатын биікке де жақындалап келеміз. Кешегі Кеңестік тірлік елімізді біржақты даму жолына түсіріп, робот дәрежесіне дейін тек айтқанды орындайтын бағдарлама жасап, баршамызды мәнгүрттік дәрежеге әкелгені, шынайылықтан гөрі жалғандыққа, өсіре қызылдыққа, даурықпа желөкпелікке үйреткен болса, казіргі

ғылымның барлық саласындағы кезек күттірмейтін міндеттердің бірі — осындай жолдан арылу, шын мәнінде, өмір сүрге, кедергі-тосқауыл атаулы қыншылықтардан шығу жолын қарастыру, барымызды бардай, жоғымызды жоктай көрсете біліп, үрпакқа интернационалистік патриотизмді насиҳаттау, әдеби туындылардың барлығын да бір өлшеммен сзызып тастанмай, ойы бар, айтары бар, ізденісі бар, ашық қуреске шықпаса да, іштей наразылығымен үрпағына өз пайдасын келтіруге үмтүлған сез шеберлеріне объективті баға беру, кемшілігін де көрсете отырып қана өнердегі бар болмыс сырына талдау жасай аламыз.

Адам баласының ақыл-ойы үшан-теніз. Әбу Сәрсенбаев шығармаларының поэтикасы, сөз жоқ, дәстүр мен жаңашылдық тұрғысында үлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің әлемдік көркеменер үрдісімен де өзара ықпал-әсері арқасында жетіле түсіп, дамыды, өркен жайды. Әбу кейіпкерлерінің келбеті де дамуда болды.

Ақын-жазушы болмысы жалпы адамзаттық мәдениетпен қоян-қолтық қабыса, өзінің әдебиеттану ғылымының ішкі мазмұнын байытады. Сондықтан да Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық еңбегін методологиялық жағынан тарихи хронологиялық негізде танып-біліп, оның эстетикалық биік мұраты, поэтикалық шеберлігі мен тек оның өзіне ғана тән ерекшеліктері — осы еңбектің кіндік ой өзегі болмақ.

Бүгінгі танда зерттеушілік өнер ақын-жазушы стилі мен поэтикасына, әдеби-мәдени жұғыстарына, кейіпкер келбеті, мінез бітісіне, оның даму эволюциясына токталуда әлемдік биік талап, биік талғам тұрғысында қарап, жеке адамға табыну мен қыыршақ “социализм” адамдарын суреттеу мәнін ашу талабын алға қояды, соны шешуге үмтүламыз. Одақ кезіндегі көп үлтты Кеңес әдебиетінің даму, өзара байланысу өрнектері, оған халық әдебиеті әсерлері мен саясат сойқандары, жасандылығы тұсындағы эстетикалық талғам биігі қалай көрініс бергендейтінің сырын ашу, үрпакқа оның бар болмысы себептерін дәлелдеуге үмтүлу да тұжырымдама негізі болмақ. Көркем әдебиеттің мазмұны мен сапасы, даму процесі дәстүр, жаңашылдық пен поэтикалық шеберлік мәселелерімен де тығыз байланысты. Бұлар өзара бірліктегі диалектикалық үғым. Бұл проблемалардың мазмұны мен болмысын жалпылама түсіндіруден гөрі жеке шығармашылықты нақтылы талдау жолымен барып, ой корытындысын шығару — әдебиеттегі

реализмнің халықтық бағытын айқындайды, шынайы суреттейді. Сонымен қатар, шығармашылық стилі қалыптасқан өнер адамының әдебиетке әкелген өзіндік қолтаңбасын дұрыс ұтынуға көмектеседі де, катыгез заманның тарихи бейнесін анықтауға септігін тигізеді де!

Қандай ақын-жазушы болмасын жаңалыққа үмтыйлады. Жаңалық дәстүрді өз бойына дарытып қана қоймай, алға жылжуда, ілгері басуда сапалық ігіліктерге тап боламыз. Бірақ бұл әр жазушыда әркелкі. Әбу шығармаларындағы сөйлеу мәдениеті тіпті өз алдына дербес зерттейтін сала, оқырманға үлгі болар көп өрнектер жеткілікті. Сөйлей білуге үйренуде үлттық дәстүр ерекшелігі, ауызша, жазбаша сөйлей білу машиқтары бүгінгі таңда да баршамызға ауадай қажет.

Әбу Сөрсенбаев шығармалары хақында ғалымдар мен жазушылар, ақындар кезінде өз пікірлерін білдіріп, тиісті бағасын беріп отырды. Күні бүгінге дейін шығармашылық ерекшеліктерін тілге тиек етіп, байсалды ой-пікірлер айтылып, зерттеу жұмыстарының негізгі объектісі де болып келеді. Сондай ғалымдардың көшбасында академик Қажым Жұмалиев, классик жазушы, академик Мұхтар Әуезов, академик жазушы Сәбит Мұқанов, зерттеуші ғалымдар М. Сильченко, М. Қаратасев, Т. Нұртазин, З. Ахметов, Ә. Тәжібаев, А. Нұрқатов, Х. Әдібаев, М. Базарбаев тағы да басқа көптеген әдебиетшілер бар¹.

Көркемөнерде өткен ғасырдың алпысыншы жылдары, шынында да, “алтын ғасыр” болды десе, алтын ғасыр (Темірхан Медетбек) ретінде көркем әдебиетке лек-лек боп жас таланттар, зерттеушілер келе бастады². Жекелей ақын-жазушылардың шығармашылық еңбектері хақында да зерттеу жұмыстары жедел қолға алынып, оқырмандар қауымы сусындарын қандырып жатты. Мұның өзі кездейсоқтық емес белгілі бір зандалықтан туындаған құбылыс-ты. Өйткені тарихта жеке адамға табыну зардалтарына баға беріліп, (ол кезде Коммунистік партияның актегені алғыс, кара дегені қарғыс-тұғын және осы партияның жиырмасыншы съезінде Н. С. Хрущев Сталиннің ел басқару

¹ Қ. Жұмалиев. Стиль-өнер ерекшелігі, А., 1966: М. Әуезов. Әр жылдар ойлары, А., 1959: С. Мұқанов. Өсу жолдарымыз, А., 1960: Т. Нұртазин. Шеберлік туралы ойлар, А., 1964: С. Сейітов. Қырық жылда, А., 1957: Х. Әдібаев. Уақыт және суреткер, А., 1967 жыл, т.б.с.

² Темірхан Медетбек. Ақшарлар алыстан корінеді, “Егемен Қазакстан”, 1997 жыл, сегізінші тамыз.

тұсындағы заңсыздықтарын, жеке адамға табыну зарданпартарын жариялап, жазықсыз жазаланғандар ақтала бастаған еді), ел ішіндегі репрессияға үшырағандар еңбектері қалын оқырманнның оқуына мүмкіндіктер беріліп, халық жаңа бір серпілістерге аяқ басқан-ды. Мұның өзі қазақ халқы үшін де орасан зор пайдасы болды, нәтижеде отызыншы жылдарда жазықсыз ұсталғандар ақталып, өнерге құштар топ-топ таланттардың келуі басталды. Сондықтан да белгілі ақын Темірхан Медетбектің бұл кезеңге “Алтын ғасыр” деп айдар тағуы шындыққа жана сымды, көкейге қонаады. Күллі көркем-өнердің әр саласында жаңалыққа үмтүлу, ең әуелі өзінің өткеніне мейірін қандыру, жас таланттардың өнер өрінде қанат қағуына мүмкіндіктер бергізеді.

Іә, бұл процесс әлі де жүріп жатыр, бірақ соңғы он жылдықта өркениетке үмтүлудың тағы да бір жаңа серпін экономикалық жағынан нарықтық, базарлы экономикамен ұласып, мәдениетке көзкарас әуелі қаражатпен мөлшерленіп, шөмішке қараған заман туды. Бірақ әдебиет өлген жоқ, оған деген қамқорлық та жоқ емес, там-түмдап болса да бар. Міне, осындай алтын ғасыр дейік, әйтеуір жиырмасыншы ғасыр соңында А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауитов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиев т.б. шығармашылық еңбектерін оқуға мүмкіндік алдық. Сондай-ақ М. Әуезов, С. Мұқанов шығармашылығы, Ж. Сайн, Ә. Тәжібаев, Қ. Бекхожин, Ә. Нұрпейісов т.б. ақын-жазушылар еңбектері де зерттелініп, ол зерттеулер жеке-жеке кітап боп жарық көрді, қалың оқырмандар қолына да тиді.

Әдебиет пен мәдениет өмірінде аталған ақын-жазушылар өмірнамасының зерттеу объектісіне айналып, олардың шығармашылық еңбектерінің оқырман қолына тиюі де егемен болғандық белгісі ретінде көркемөнер мазмұнын байыта түсті, түрік халықтары өркениетін терең тануымызға да кең жол ашты. Тарих беттерін парактаған сайын тубі бір туысқан халықтардың ежелгі мәдениет сырларына қаныға бастадық. Галым Рахманқұл Бердібайдың “Байқалдан Балқанға дейін”, “Ежелгі мәдениет куәлери” атты еңбектері, міне, осындай игілікті істердің бірі.

Көркемөнер туындыларын зерттеуде бүгінгі таңда осы салада қалыптасқан игілікті амал-тәсілдерді жан-жақты пайдалануға тиіспіз. Типологиялық ізденуге баруда хронологиялық тұжырым қоғамдық ғылымдар саласындағы, әсіресе

мәдениеттану, саясаттану жетістіктерімен өзара байланыстылықта, бірлікті қарастырылуы көркемөнер заңдылықтарына қайшы келмейді, керісінше, бірін-бірі толықтырады. Олай болса, әдебиеттану ғылымында да зерттеу мазмұны тек поэтикалық ерекшелігін ашуғана емес, сонымен бірге жалпы танымдық пәлсафа болмысын қатар алғып қарастыруымыз, сол арқылы түрік халықтары тарихындағы актандактар мазмұны нақтыланған түскені абзal. Әдебиеттануда қазақ әдебиетінің орта буын өкілдерінен С. Ерубаев, С. Шәріпов, Қ. Аманжолов, А. Тоқмаганбетов, Т. Жароковтардың шығармашылық еңбектерінің әдебиеттік түрғыдан зерттелінуі де, Әбу Сәрсенбаевтың да еңбектерін ғылыми, әрі әдеби және тарихи, әрі пәлсафалық түрғыдан көпшілікке кеңінен таныстырудың орындылығын алға қояды.

Міне, осындай жағдайда Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық еңбектерін зерттеу қажеттілігі артып отыр. “Жеке жазушы туралы айту,— дейді М. Шолохов,— бұл әдебиет туралы айту деген сөз, себебі біздің бәріміз көркем ой мирасы жөнінен де, әдеби дәстүр жөнінен де бір-бірімізben байланыстымыз. Біз, жазушылар, жеке буындардан құралатын тұтас бір тізбек тәріздіміз”. Расында да, өмірдің өзі осының ақиқаттығын дәлелдей, өзара әдеби байланыс сырына сізді бастап отырады, зерделеу ауқымын тарылтай, оның өрісіне де әсер етеді, өн береді. Жеке шығармашылық қайраткерлердің туындыларын талдау барысында оның өткен өмір жолы, дүниетанымдық көзқарасы, диалектикалық түсінігі сол заманның болмыс шындығымен қатар алынып, тарихи, типологиялық түрғыдан өзіндік ерекшеліктері анықталады, сол жолда айтылар пікір де, тұжырым да, ой байсалдылығы да түйінделеді. Жазушы не ақынның өзіндік ерекшелігін білу үшін, оның мұраттық бағыты мен өскен ортасы, жүрек лупілі мен өзіндік үні, өмір белестері, дәстүр жаңалығы, шеберлігі айқындалып, шеберлік мазмұны нақтыланады. Әдебиеттану ғылымының бүгінгі тандағы келелі мәселерінің бірі, міне, осы. Әбу Сәрсенбаев шығармашылығы туралы зерттеуімізде осы мәселелерді басшылыққа аламыз. Қазақ әдебиеті тарихында реализм іздері жиырмасыншы ғасырда және үстіміздегі уақытта қалай өркен жаюда? Оның қазақ әдебиетіндегі өзіндік өрнектері қандай? Оның әр жылдардағы көріністері мен айырмашылықтары, қалыптасу, даму эволюциясы қай деңгейде болды? Міне, осы аталған сұрақ-сауалдарға жауапты Әбу

Сәрсенбаевтың шығармашылық еңбектерін оку жолымен жауап табуға әбден болады. Сондықтан да негізгі айтар ойымыз да Әбу Сәрсенбаев еңбектері жөнінде болмақ.

Көркемөнерде бүгінгі таңда типологиялық зерттеуге бару — қажеттілігіміз. Кеңес Одағы кезіндегі күллі мәдениет, әдебиет, өнер болмысы заман талабына сай қатал цензурадан өтіп, жазушы еркіндігіне тұсау салынды. Жиырмасынышы ғасырдың 90-ынышы жылдарына дейінгі әдебиеттегі осы бір ерекшелік, сөз жоқ, Әбу Сәрсенбайұлының шығармашылық еңбектерінде барынша орын алғып, жеке адам дәріптелінді, кейіпкерлер мінезі қолдан жасаланып, қуыршақ “социализмнің” талабына қызмет етті. Көркемөнерімізге отызынышы жылдары келген жас таланттар өкілдеріне бұл ерен құбылыс болды. Шындықты айту — өрескелдік деп танылып, бейнелеу айшықтары да бірегейлікке бой үрды. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ кеңес әдебиетіндегі ойды әр түрде жеткізуге де үмтүлу символ ретінде де байқалып қалып отырды. С. Сейфуллиннің “Қызыл ат” дастанын айтсақ, бұган мысал бола алады. Сондықтан да осы тұста көркемөнерде де әдебиеттегі сияқты ой еркіндігі хақында айту мүмкін емессті. Әбу Сәрсенбаевтың “Жазылмаған дастан” атты еңбегі жеке адамға табыну, геноид заманының тарихи көркем шындығы да! Типологиялық түрде іздену арқылы тубі бір туысқан халықтар әдебиеті мен мәдениетіндегі табиғи жақындықты, іздену, күрсесу барысындағы табыстар мен кемшілік-олқылықтарды да айнытпай табуға болар еді. Ойды бүркелемей айту амалдары мен тәсілдері жақындығы, қам көніл қарсылық сипаты — бәрі, бәрі де айтылмыш әдіске жауап берे алады...

...Күншығыстан таң келеді — мен келем,
Таң келеді, мен келемін — пайғамбар.
Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар,
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар.

(M. Жұмабаев)

Классик ақынның “Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем”— метафоралық иірімдері — шынайы сенімділік болмысының санадағы шындығы дерсін!

Зерттеу өнері саласында айтылған пікірлеріміз Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық еңбегін өзара диалектикалық бірлікте монографиялық тұтастықта қарастыруды алға қояды. Әбу Сәрсенбаев шығармашылығына жүйелі зерттеу, зерде-

леу — әдебиеттану ғылымы үшін де аудадай қажет. Бұған дейінгі ат үсті, сөз арасында, мереитойлар қарсаңында айтылған пайымдаулар мен пікірлер, жеке макалалар ақын-жазушының шығармашылық еңбегінің панорамадық көрінісін бере алмайды, толық зерттеу айнасы да бола алмайды. Сондықтан да ақын-жазушы, әдебиетіміздің ақсақал қайраткері жөнінде айту да өркениетке үмтүлған мәдениеттіліктің бір көрінісі болмаққа керек.

Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық еңбегін оку арқылы әрбір саналы азамат өз халқының адаптациясын патриоты болу сезіміне бөлөнеді, ал оның шығармалары жөніндегі ойпікірді ақыл таразысына салу арқылы қазақ халқының көркем-өнеріне өзіндік үлес қосуға үмтүлған ұлымен танысады, мәдени, әдеби талғамына жауап берерлік рухани азыққа кезігеді. “Ұлттық бейне (характер) әр шығарманың ішінде әр түрлі болады, ол қайталамайды. Өйткені, шығарушылық психология өзі де әр шығарма түсінінде өзгеріп, үдел отыратын психология. Ол өз айналасындағы тірлікten, болмыстың және қоғам өмірінің өзгеруіне, өрлеуіне байланысты қоса өзгеріп отырады. Жазушыдағы қоңыл-күйдің өзі де ортасының мәдени тіршілігіне, өндіріс еңбек табысына байланысты алған сезіміне неше алуан тірлік берген куат-нәрден құралып қалыптасады. Осылайша талдағанда эстетикалық ерекшелік дегеніміз — тіл ғана емес, кең мағынада алынған ұлттық стиль болады. Ол өзі ұлттық бейне ретінде — адам, екінші — ұлттық сөздік шеберлік ретінде — ақындық стиль болады” (Мұхтар Әуезов).

Әлем әдебиетінің классигі, жазушы М. Әуезов пікірінің Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық еңбегіне тікелей қатысы бар. Сол себепті де зерттеу кезінде М. Әуезовтың жоғарыдағы шығармашылық психология туралы пікірін басшылыққа аламыз. Әбу Сәрсенбаевтың шығармашылық өнерінің баспалдақтарын, өсу эволюциясын, ерекшелігін, поэтикасын, мүмкіндігінше, поэзиядағы жетістіктерін анықтау, дәлелдеу жолымен монографиялық зерттеуіміздің мазмұны айқындала түспек. Бұл еңбекте ақын-жазушының алғашқы туындыларынан бастап, лирикалық үнділік өрісін әдеби жанрлары түрлісінде лирикалық, эпикалық поэзиясын және прозалық дүниелерін дербес қарастыруды жөн көрдік.

“Ә. Сәрсенбаев — поэзия, проза және драматургия жанрлары саласында қажырлы еңбек еткен суреткер. Оның қай жанрдағы шығармасын алсақ та, бір-бірімен байланысып,